

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат
БАЙҚАДАМОВ:
«ІСКЕРЛІГІ
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:
«ОЙ БИГІНДЕГІ
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ



Икрам ХАШИМЖАНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
ОҚО Өзбек театрының директоры:

«ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН ЖАЗУШЫНЫ ЕНДІ ТЕК ӨЗ ҚАЗАҒЫ МОЙЫНДАСА БОЛҒАНЫ»

Ұлтаралық қатынаста ұлттық мәдениеттің, салт-дәстүрдің дамуына өзіндік үлесін қосып жүрген Бақыт Рүстемовті танығанымда он жылдан аса уақыт болды. Қорқыт, Асан Қайғы бабаларымыз секілді ел, жер кезіп сөздің асылын жинап, халыққа қажетті тақырыпта мақала жазып, кітаптардың авторы болып жүрген ұлағатты ұрпақ. Оның қазақ тілінде ғана емес, өзбек тілінде де жазған шығармалары баршылық. Сол үшін де Өзбекстан халқының ыстық ықыласына бөленген жазушы. Көрген білгенін өзгелерге таныту мақсатында ауыл аймақта, бірнеше мекендерде өзінің кітаптары мен суреттер жинағынан тұратын көрмелерін өткізген болатын. Сол көрменің бірі, біз куә болған Шымкент қаласында өткізілді. Қала халқы, көрмені тамашалаған барша адам таңғалысып, қызығушылықтарын жасыра алмады. Көрерменнің шаттанған жүзін көрген Бақыт ағамыздың да халқына кішкене де болса құнды дүние көрсеткеніне жүзі нұрланып сала берді. Ағаның жүріп өткен жолы ұрпаққа үлкен өнеге. Әрбір ұлттың азаматы этностар арасында өзге ұлттың мәдениетіне құрметпен қарайтын болса, сол елге деген ілтипатын білдіреді. Көптеген елдердің тарихынан сыр шертетін том-том кітап жазған Бақыттай ұлының халқына берері көп. Шығармаларының бір бөлшегін арнаған ұлты, елі Өзбек халқының мәдениеті мен тыныс-тіршілігі болды. Осы еңбектердің бағасы ретінде, ағамыздың 60-қа келген мерейтойында Өзбек халқы арнайы шақыртып, құрмет көрсетіп, мектеп оқушылары шығармашылығынан сыр шертер қойылымдар қойып, жырларын жатқа оқып, термелерін тебіреніспен шертіп ерекше әсер қалдырды.

Бірде Қорқыт бабамыздың жыр жианқтарын ақтарып отырып мына сөзі ойыма Бақытты оралтты. «Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ештеңе жетпейді». Мағынасы терең философияға құрылған. Қазақтың қазақ екенін алыс-жақын шетелдерге, кешегі дүлейлердің ізімен қазақ деген атымызбен қоса, батыр деген даңқымызды қатар танытып жүрген, тегіне қарап тектілігін танытып жүрген осы ағамыз.

Бақыт Рүстемов сынды ағамыздан тағылым алатын болсақ, келешегіміз жарқын болады. Оның шығармашылығын насихаттауды журналдарыңыз бастама етіп көтерген екен. Бұл құптарлық дүние. Себебі, насихатталуға, танылуға, еңбегі бағалануға лайқты тұлға. Әлем халықтары, әлем жазушылары мойындаған жазушыны енді тек өз қазағы мойындаса болғаны.

Құрметті Бақыт аға! Сіз қазақтың жарқын болашағына қажетті тұлғасыз. Ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, отбасыңызға амандық, шығармашылығыңызға сарқылмас шабыт тілеймін.